

## Достық ауылдық (селолық) округінде бірқатар көшелердің атауын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Достық ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 22 қазандағы N 343 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 3 қарашада N 7-7-95 тіркелді

Қазақстан республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі жанынан құрылған ономастикалық комиссияның 2009 жылғы 8 қазандағы N 3 хаттамасын басшылыққа ала отырып, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Достық ауылдық (селолық) округі, Достық ауылының келесі көшелерінің атаулары өзгертілсін:

- 1) Полевая көшесі - Болашақ;
- 2) Октябрьская көшесі - Желтоқсан;
- 3) Безымянная көшесі - Самал;
- 4) Пионерская көшесі - Бостандық;
- 5) Макаровский переулок - Алтын таң;

6) Чаганная көшесі - Шаған көшесі болып, қазақша транскрипцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өз бақылауыма аламын.

*Ауыл округінің әкімі*